СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ
АУДАН МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ
МАСЛИХАТА РАЙОНА
ИМЕНИ ГАБИТА МУСРЕПОВА
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

Сегізінші шақырылымның XLIV сессиясы

Новоишим ауылы № 44-1 2026 жылғы 29 қыркүйек

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 35-1 «2026-2028 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 35-1 «2026-2028 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджетін бекіту туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2026-2028 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес, соның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 8 365 152,2 мың теңге:
салықтық түсімдер – 4 302 119,9 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 33 299,9 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 61 198,1 мың теңге;
трансферттер түсімі – 3 968 534,3 мың теңге;
2) шығындар – 10 463 088,6 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 4 667 мың теңге:
бюджеттік кредиттер – 125 425 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 120 758 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:
қаржы активтерін сатып алу – 0;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2 102 603,4 мың теңге;

* Сериялық нөмірінсіз бланк жарамсыз болып табылады
* Бланк без серийного номера недействителен

003295

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 102 603,4 мың теңге:

қарыздар түсімі – 2 069 308,1 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 297 692 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 330 984,3 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
мәслихатының төрағасы **С. Баумағанбетов**